

**Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы N 143/18-III "Астана қаласы бюджетінің қаражаттары есебінен әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесі туралы" шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Астана қаласы мәслихатының 2008 жылғы 24 сәуірдегі N 80/14-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2008 жылғы 12 мамырда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 532 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 250/36-V шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 27.06.2014 № 250/36-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**Қолданушылардың назарына!!!**

**Шешімнің қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы N 143/18-III "Астана қаласы бюджетінің қаражаттары есебінен әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесі туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2005 жылғы 1 шілдеде N 395 тіркелген, 2005 жылғы 5 шілдеде N 90 "Астана хабары", 2005 жылғы 9 шілдеде N 103-104 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) келесі өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

осы шешіммен бекітілген Астана қаласы бюджетінің қаражаттары есебінен Әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесінде :

13-тармақтағы "кедейшілік шегінен" деген сөздер "азық-түлік себетінің құнынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

Тізбе мынадай мазмұндағы 16-тармақпен толықтырылсын:

"16. "Астана қаласының түберкулезге қарсы диспансері" мемлекеттік мекемесінде диспансерлік есепте тұратын белсенді туберкулезбен ауыратын мұқтаж азаматтар."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

А с т а н а қ а л а с ы  
мәслихатының сессия төрағасы С. Богатырев

А с т а н а қ а л а с ы  
мәслихатының хатшысы В. Редкокашин

К Е Л І С І Л Д І :

А с т а н а қ а л а с ы н ы ң  
ж ұ м ы с п е н қ а м т у ж ә н е  
Ә л е у м е т т і к б а ғ д а р л а м а л а р  
басқармасының директоры А. Алтыбаева